

# І ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ГРОПАВІ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

апрель Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

*Егісті тез және агротехникалық қолайлы мерзімде сапалы өткізу—әрбір МТС-тің, әрбір тракторшының, барлық механизаторлар мен егіншілердің ардақты міндеті. МТС-тердің мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, осы міндетті аброймен орындау жолында социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!*

## езиденті дасқа

қаңа, біріккен, тәуел- және басшысы ретін

жүзіндегі бейбітшілік дағы достықтың онап ызметіңізде табысты

## . СТАЛИН.

## резиденті қа

, Сізден менің шын немін. Поляк халқы- тың игілігіне Сіздің ысты бола беруіңізді

## ШВЕРНИК.

## рының

**Қ. Мұстафин жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мәдени-ағарту істері жөніндегі комитеттің Председателі етіп тағайындау туралы**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ**

Қанания Мұстафин жолдас Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мәдени-ағарту істері жөніндегі комитеттің председателі болып тағайындалсын.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары Ә. ЖАНГЕЛДИН.**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 13 апрель 1952 жыл.

*—○—*  
**Май мерекесі қарсаңындағы жарыс**

## Игі табыстар

«1 Май» кәсіпшілік артелінің мүшелері Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Григорий Муханов пен Мария Левченко

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде

## Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға әзірлікті аяқтау жөніндегі шаралар туралы

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға әзірлену жөніндегі жұмыстарды толық және уақытында аяқтау мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Қазақ ССР ауыл шаруашылығы, совхоздар, мақта шаруашылығы, су шаруашылығы, тамақ өнеркәсіп, балық өнеркәсіп, ет және сүт өнеркәсіп, орман шаруашылығы, оқу, автомобиль транспорты министрліктерін, Қазақ ССР Ғылым академиясын, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының қазақ филиалын, жылқы заводтарының қазақстандық тресін, «Казсовхозкаракуль» тресін, қант қызылшасы тресін, Шығыс Қазақстан шошқа шаруашылығы тресін, Гурьевтің қаракуль совхоздарының тресін, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы су шаруашылығының жоғары басқармасын, Қазақ ССР ауыл шаруашылығын электрлендіру жөніндегі басқарманы, облыстық атқару комитеттерін, аудандық атқару комитеттерін, облыстық және аудандық партия комитеттерін, ауыл шар-

ліп алынып, жоғары көрме комитеті белгілеген мерзімде бекітілсін.

Ауыл шаруашылығы мен совхоздар Министрліктеріне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының қазақ филиалына және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібінің, баспа мен кітап саудасы басқармасына Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы таңдаулылардың табыстары мен жұмыс тәжірибесі жөнінде монографиялар, кітапшалар, листовкалар, плакаттар мен альбомдар басып шығару жоспарын осы жылғы 10 майға дейін жасау тапсырылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын, мал шаруашылығын, табиғат байлықтарын, өнеркәсіпті, мәдениет пен ғылымды барлық жағынан толық көрсететін нақты экспонаттарды уақытында және сапалы іріктеп алуға ерекше зор маңыз берді. Осыған байланысты Бүкілодақтық ауылшаруашылық

домстволары басшыларына, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің председателдеріне, облыстық және аудандық партия комитеттерінің секретарьларына Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне әзірліктің барысына және еңалдымен, көрменің павильондарында кеңінен көрсету үшін колхоздарды, совхоздарды, МТС-терді, машина-малшаруашылық станцияларын және басқа шаруашылықтарды іріктеп алуға, сонымен қатар, егін шаруашылығының нақты экспонаттарын, мал шаруашылығының өнімдерін және ауылшаруашылық малдарын іріктеп алудың және кутудің барысына жете бақылау жасау тапсырылды.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне әзірлену жөніндегі барлық жұмыстар, ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидаттардың, — колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, машина-малшаруашылық станцияларының және басқа шаруашылықтар мен алдыңғы қатарлылардың озат тәжірибесі газеттер мен журналдардың беттерінде кеңінен көрсетіліп

тік жарыс күндерінде Петропавл ауданының Сталин атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» сыяқты жекелеген алдыңғы қатарлы колхоздары көктемгі дала жұмыстарына зор ұйымшылдықпен кірісті. Бұларда пар мен зябь жыртылған жерлерді алдын-ала тырмалау, күздік егісті көктемде үстеп қоректендіру, егістік жерлерге қар суын бөгеу, дала қостарын салу жұмыстарының қай-қайсысы болсын жедел қарқынмен жүргізіліп жатыр. Бұл колхоздарда жұмыстың аталған салаларына қолда бар күш-мүмкіншілік жаппай жұмылдырылған. Осындай игілікті істің нәтижесінде Сталин атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында алғашқы күндердің өзінде-ақ бірнеше гектар пар мен зябь тырмаланып, жүздеген гектар күздік егіс үстеп қоректендірілді.

Пар мен зябь жыртылған жерлерді ерте тырмалау, күздік егіске үстеп қорек беру жұмыстарын облыстың алдыңғы қатарлы совхоздары да деркесінде қолға алды. Бұл жұмысқа, әсіресе, Ұзынкөл астық совхозының егіншілері үлкен әзірлікпен кірісті де, қысқа мерзім ішінде бірқатар жұмыстар істеді. Мұнда алғашқы екі-үш жұмыс күні ішінде 1000 гектар пар мен зябь жыртылған жерлер тырмаланды. Осымен бірге, көктемгі дала жұмыстарына Чистов, Возвышен, Совет және Қарағанды астық совхоздарының егіншілері де жаппай кірісіп отыр.

Алайда, көктемгі дала жұмыстары барлық колхоздар мен совхоздарда бірдей осы дәрежеде ұйымдастырылып отыр деп айта алмаймыз. Облыстың көптеген колхоздары мен совхоздары дала жұмыстарына күні бүгінге дейін кіріскен жоқ. Істің жайы, әсіресе, Приешім, Ленин, Булаев, Октябрь және Мамлют аудандарының колхоздарында өте-мөте нашар. Бұл аудандардың басшылары пар мен зябь жыртылған жерлерді ерте тырмалауға, күздік егісті үстеп қоректендіруге, егістік алаңның ылғалын сақтауға, дала қостарын дайындауға, жұмыс малдарының көктемгі азығын әзірлеп, оны егіс алаңына тасып алуға жете мән бермей, қанағаттанғысыз басышылық жасап отыр.

Бұл жұмысқа, әсіресе, 1-2 күнді аяқтауды қамтамасыз ету—әрбір аудан, колхоз және совхоз басшыларының төл ісі.

Осымен қатар, әрбір колхоз бен совхоз да күздік егісті көктемде күтуді, оны үстеп қоректендіруді тыңғылықты ұйымдастыру керек.

Көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық ережелерге сәйкес өткізуде барлық егістік алаңды күні бұрын тазалап, сабан мен топаннан арылтудың да зор маңызы бар. Бұл міндет ойдағыдай шешілсе, егіс кезінде тракторлар мен тіркеу саймандары үздіксіз жұмыс істейді де, жерді әрі көп, әрі сапалы жұмыс-тайды.

Колхоз және совхоз басшыларының ендігі бір басты міндеті—көктемгі егіс кезінде жұмыс малдарын жемшөппен қамтамасыз ету. Жұмыс малдарының көктемгі азығын жеткілікті дайындап, оны егіс басына түгел тасып алу қажет.

Көктемгі егісті ойдағыдай өткізуде әрбір егіс және трактор бригадасының өзіндік дала қосының белуы, оның барлық жағынан ойдағыдай жабықталуы керек. Бұл, әсіресе, колхозшылардың күндіз-түні бірдей егіс басында болып, өнімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Барлық колхоз бен совхозда дала қосын салу, бұрынғы қосты жөндеу таяу күндерде толық аяқталатын болсын. Жергілікті партия және совет ұйымдары бұл мәселеге ерекше назар аударуға тиіс.

Колхоз және совхоз партия ұйымдарының міндеті—көктемгі дала жұмыстарын барлық жағынан тыңғылықты ұйымдастыру үшін егіншілер арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, үгіт-бұқаралық жұмыстарын алғашқы күндерден бастап әсерлі ұйымдастыру болып табылады.

Колхозшылар, МТС және совхоз жұмысшылары! Көктемгі дала жұмыстарын кеңінен өрістетейік! Сөйтіп, егіс жоспарының қысқа мерзімде, агротехникалық қолайлы жағдайда орындалуын қамтамасыз етіп, елімізде азық-түлік молшылығын жасаудың қайнар бұлағы—егіннен мол өнім алудың берік негізін қалау күресін большевикше ұйымдастырайық!

сында станцияның жұмыс көрсеткіштері бұрынғыдан едәуір жақсартылды. Өткен аймен салыстырғанда, вагондардың өңдеу де тұру мерзімі 1,3 сағатқа, жергілікті операциялар бойынша тұруы 4,7 сағатқа қысқартылды.

Озат теміржолшылар коллективінің бұл кілхалықтық мереке алдындағы еңбек өрлеуі осындай.

**Ғ. МҰҚАНОВ.**

1950 және 1951 жылдардағы жұмыстың көрсеткіштері бойынша Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушыларды іріктеп алу шарттарына жауап беретін ең жақсы колхоздар, совхоздар, МТС-тер, машина-малшаруашылық станциялары, мал фермалары және басқа шаруашылықтар, сонымен қатар, олардың озат адамдары көрменің павильондарында кеңінен көрсету үшін ірікте-

руашылық филиалы ті жанығы бастоволардылық ер жұмыс і тобын б босатуға Респу



### Май айы есебіне

ТЕКЕЛІ, (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Комсомолец Ыбырайым Қасымовтың комсомол-жастар сменасы Текелі руднигиндегі ең таңдаулы смена. Бұл стахановшы коллектив 4 айлық жоспардан тыс алғаш рет 1000 тонна кен өндірді. Кеншілер осы еңбек тартуын алдағы 1 Май мерекесіне арнады.

Смена жас жұмысшылармен толықтырылуда. Коллектив оларды жоғары маманды мастерлер етіп тәрбиелеп келеді. Қазір сменадары кеншілердің барлығы да өндірістік тапсырманы асыра орындайды.

### ЖӨНДЕУШІЛЕРДІҢ ӨНДІРІСТІК ТАБЫСТАРЫ

АҚМОЛА, (ҚазТАГ). Сталинск—Магнитогорск магистралі құрылысының орталық жөндеу мастерскойының коллективі 1 Майды лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысуда.

Автомобиль жөндеу цехында Люблиннің жаңашылдары А. Жандарова мен О. Агафонованың патриоттық бастамалары кеңінен таратылған. Мұнда барлық жұмысшылар норманы асыра орындайды. Мұндағы әрбір екінші жұмысшы стахановшы. Цех жөндеген автомашиналардың барлығы да жоғары баға алды. Жөндеудің өзіндік бағасын кемітуден 10 мың сом қаржы үнемделді.

### Қазақстанда жерді жайып суару

Шабындық пен жайылымдарды жайып суару жолындағы күрес быйылғы көктемдегідей бұрын-соңды кең өріс алып көрген емес. Республиканың колхоздары мен совхоздары өзендерде, далалық жыраларда, тұрақты және уақытша бөгеттер салды, біржарым миллион гектар жерді суару үшін қар бөгеттерін, тоспалар және бөгеттер жасады, қар суларын бөгеді. Бүкілхалықтық сыйпат алған бұл жұмыстарға 1500-ден аса колхоздар, жүздеген совхоздар қатысуда. Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығыс облыстарында тұрақты және уақытша су құрылыстарында бөгелген сумен алғаш рет жарты миллион гектар шабындық пен жайылым суарылды.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында жерді жайып суаруды ұйымдастыруда бірқатар жаңалықтар енгізілді. Қарағандының ауылшаруашылық тәжірибе станциясының 3 жылдық зерттеулеріне қарағанда, шабындықтар мен жайылымдарда қар суын 10—20 күн жаю шөп түсімін су жайылмаған шабындықтан 5—6 есе арттыруға болатындығын көрсетті. Өткен жылы ауа райы қолайсыз болғанның өзінде Қарағанды облысындағы Осокаров және Нура ауданда-

рының Нұра өзтарынан табиғи

В. И. ауылшар қазақ ф жаңа әл колданы ша шаб ларынан жайылым су жаю

Жамб мен кол жерлерд жерлерд ган бор Бұл тос шығысты

Быйыл совхозда шабындық белгілен артық.

## Ұ Р М Ы С Ы

## партия топтары

кезінде орындауға.

ленков атындағы асындағы партия ұрылған. Партия Йсенбаев жолдасы бригаданың індеттерді ойдағына бағытталық кітаптары газеттері, радиот мүйіс жұмыс бригадада көрдің үйірмесі ұйым

нистері колхоз тоқтерінде жұмыстарының алдыңғы тобының жұмыс бригадада ұға қолайлы жағамүшелерінің бардан түрде қатыздірік ісін ойда-

Б ауданындағы Совет ауданында «изм» колхоздарында өздерінің жұмыс нәтижелерге ие бригадалар мен ұйымдық жұмыстың жақд.

дық партия қорының маңызын жұмыс тәжірибеамайды. Ол-олма, партия комитеттері амаларында парқолға да алған мдарында небары

аудандарда, мысалы, Октябрь, Совет, Булаев аудандарында коммунистерді қолхоз өндірісінің негізгі учасоктеріне орналастыру ісінің мүлде қанағаттанғысыз болуында. Партия топтарын құру ісінің кейбір жерлерде бетімен жіберілуі, партия топтары жетекшілерін сайлау тәртібінің бұрмалануы елеулі кемшіліктердің бірі болып келеді.

Преснов ауданы, «Баян» колхозы партия ұйымында партия тобының жетекшісі жай ғана белгілене салған, ал Мамлют совхозында партия тобының жетекшісі ашық дауыспен сайланған. Тағы бірқатар бастауыш партия ұйымдарында партия топтарының жетекшілері партия жыйналыстарында ашық дауыспен сайлануына жол берілген. Тәртіп бойынша партия тобының жетекшісі партия тобының жыйналысында жасырын дауыс беру жолымен сайланып, соңынан бастауыш партия ұйымында бекітілуге тиіс.

Партия тобының жақсы жұмыс істеуі көбіне партия тобы жетекшісін дұрыс іріктеп алуға байланысты. Оның басшысы инициативті және беделді коммунист болуы керек. Бірақ бұл талап кейде орындалмайды. Партия тобы жетекшілерінің оқуы да қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымының секретарьлары партия тобы жетекшілерінің кеңестерін, семинарларын өткізбейді, оларды партия жұмысының мәселелеріне үйретпейді.

Аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары колхоздарда партия топтарын ұйымдастыру ісін мықтап қолға алулары керек. Сонымен бірге, аудандық партия комитеттері партия топтарының жұмысына басшылық және бақылау жасау мәселесін мейлінше жақ-

## Оқытушылардың сырттан оқуы

Облысымыздың оқытушылары өздерінің білім дәрежесін үнемі көтеріп отырады. Бір ғана Петропавлдағы педагогикалық училищенің сырттан оқу бөлімінде кәзір 350 оқытушы сырттан оқыйды.

Сырттан оқушыларға көмек көрсету мақсатында Октябрь, Совет, Преснов аудандарында үстіміздегі жылы консультациялық пункттер ұйымдастырылды. Олардан сырттан оқыйтын оқытушылар үнемі көмек алып отырады.

Жуырда Соколов, Конохов, Совет және Петропавл аудандарында «Сырттан оқушылар күні» өткізілді. Оларда өздігінен жұмыс істеу жөнінде оқытушылардың есебі, олардың емтиханға қалай әзірленіп жүргендігі және бақылау жұмыстарының орындалуы туралы мәселелер қаралды. Өздерінің жұмысы және емтиханға әзірлігі туралы Смирнов орта мектебінің оқытушысы Гербунов және Конохов орта мектебінің оқытушысы Досанов жолдастар баяндама жасады.

«Өздігінен жұмыс істеуге әзірлену» мәселесі бойынша барлық сырттан оқушылар үшін әңгімелер және 2 консультация өткізілді.

Үстіміздегі жылы 120 оқытушы педагогика училищесінің сырттан оқу бөлімін бітіріп шығады.

Кәзір училище сырттан оқуға түсушілерден өмініштер қабылдай бастады.

## Жеңіл өнеркәсіп товарларының көрмесі

Қала еңбекшілерін одақтық жеңіл өнеркәсіп Министрлігінің кәсіпорындары шығаратын товарлармен таныстыру мақсатында Петропавлдың «Главтекстильбыт», «Главобувьбыт» және «Главшвейсбыт» базалары Пионерлер үйінде көрме ұйымдастырды.

Алғашқы екі күн ішінде көрмені 3

## Халықаралық шолу

## ГЕРМАН МӘСЕЛЕСІН ӘДІЛЕТТІЛІКПЕН ШЕШУДІҢ ЖОЛЫ

Германиямен Бітім доғоворы туралы Совет Үкметінің 9 апрельдегі АҚШ, Великобритания және Франция үкметтері не нотасын халықаралық демократиялық жұртшылық ССРО-ның бейбітшілікгі нығайту және біртұтас, тәуелсіз, бейбітшілік сүйгіш Германия құру ісіне қосқан жаңа ірі үлесі ретінде қарсы алды.

Совет үкметі батыстағы үш мемлекетке Германиямен Бітім доғоворын жасау, оның бөлшектенуін жою және бүкіл Германияда еркін сайлау өткізу арқылы жалпыгерманиялық үкмет құру туралы мәселені бірлесіп талқылауға кешеуілдетпей кірісуді жаңадан ұсынады.

Совет үкметінің ұсынысының деркезінде көтерілгендігі өзінен-өзі түсінікті: Евразиядағы бейбітшіліктің дағдыры герман мәселесін шешуге байланысты.

«Германия Еуропаның бейбітшілік халықтары семьясына қосылатын, — делінген Совет үкметінің нотасында, — біртұтас тәуелсіз бейбітшіл мемлекет ретінде қалпына келтіріле ме, әлде Германияның бөлшектелуі және бұған байланысты Еуропадағы соғыс хаулі күшінде қала бере ме деген мәселе нақ кәзіргі уақытта шешіледі».

Совет үкметінің 10 марттағы нотасында айтылған Германиямен Бітім доғоворының негіздерінің жобасынан бейбітшілік сүйгіш халықтар, еңалдымен, неміс халқы герман мәселесін әділеттілікпен және тез шешудің шын жолын көрді. «Сталин жолдастың кәзіргі уақыт Германияны біріктіру үшін нағыз қолайлы болып табылады деген мәлімдемесі, — деп жазады Польшаның «Трибуна люду» газеті, — Совет Одағының Германия мәселесіне қандай ерекше маңыз беретіндігін дәлелдейді және сонымен қатар, Еуропаның барлық халықтарын толқытатын сұраққа жауап болып табылады».

саясатын айыптап, арнаулы мәлімдеме жасауға және герман мәселесі жөнінде төрт мемлекет арасында келіссөз жасалуын талап етуге мәжбүр болды.

Неміс халқы бітім доғоворы үшін, бір тұтас, тәуелсіз, бейбітшілік сүйгіш Германия үшін күресте бірлесе түсуде.

## ЖАПОН ХАЛҚЫ ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

АҚШ империалистері Жапонияны американдық отарға және Қызыр Шығыстағы агрессияның базасына айналдыруда. Жапонияны толық бұғауға түсіретін сепараттық «бітім доғоворы», «хауіпсіздік шарты» деп аталатын және Токиода жуыр арада қол қойылған «әкімшілік келісім» осы мақсатты көздейді. Американдық империалистері жаңа Токкиода жуыр арада қол қойылған «әкімшілік келісім» осы мақсатты көздейді. Американдық империалистері жаңа Токкиода жуыр арада қол қойылған «әкімшілік келісім» осы мақсатты көздейді. Американдық империалистері жаңа Токкиода жуыр арада қол қойылған «әкімшілік келісім» осы мақсатты көздейді.

Шетелдік оккупацияға түсуіне байланысты ауыр халге душар болған жапон халқы Жапонияны ремилитарландыруға батыл қарсы шығуда. Американдық «Чикаго дейли ньюс» газетінің жазғанындай, ол қайтадан қаруландыру — «өзі батыл түрде қарсы шығып отырған жаңа соғыс жолындағы алғашқы қадам болып табылады» деп есептейді. Жапонияның еңбекшілері американдық империалистерінің елді құрғандығына қарсы, бейбітшілік, обстандық және тәуелсіздік үшін күресте өздерінің күшін топтастыруда.

Жапон халқының АҚШ-тың агрессияшыл жоспарларына қарсылық көрсетуі оқуланттардың арасында үрейленушілік туғызуда. Сондықтан да Риджуэйдің штабы Йосидо үкметіне бірқатар реакцияшыл заңдар шығару жөнінде тапсырма берді. Олардың есептеуінше бұл заңдардың қолданылуы халықтың қарсылығының сағын сындырмақ, елді қайта қаруландыру ісін жеңілдетпек. Реакция мұндай фашистік заң жобаларының қабылданғанына дейін Жапонияның демократиялық қозғалысын қысымдастырады.

Мұнда бригада мен бригаданың арасында, жеке колхозшылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды. Партия ұйымы социалистік жарысқа басшы

бригатор бригадасына үш үгітші жіберіледі. Партия ұйымы үгітшілер тобының жұмысына басшылықты жақсарту мақсатымен аптасына кемінде бір рет үгітшілердің жұмысын қорытып, олардың жақ

жұмысында, әсіресе, есеп - хисап жүргізу ісінде көп кемшіліктердің болып келгендігін анықтады, бұл үшін интернат директоры Есім Смағұлов қызметінен алынды, деп хабарлады.

**М. СӘДУОВ,**

жұмысында, әсіресе, есеп - хисап жүргізу ісінде көп кемшіліктердің болып келгендігін анықтады, бұл үшін интернат директоры Есім Смағұлов қызметінен алынды, деп хабарлады.

ияны біріктіруге нығайтудың жасалуына бола отырып, комынан өте-мөтеді. Бұл жөнінде боциал-демократиялырынның позициясыды. Социал-демократиялырның ервбұр бола отырып,

# Сауда еңбекшілердің өскелең тілектеріне сай жүргізілсін

Совет халқы коммунизм құрылысының сталиндік жоспарларын большевиктік партияның басшылығымен қалтқысыз жүзеге асыра отырып, соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын ойдағыдай орындаумен қатар, экономика мен мәдениеттің барлық салаларында 1951 жылы орасан зор табыстарға ие болды. Өнеркәсіп күшті қарқынмен өркендеді, ауыл шаруашылығында да бұрын-соңды болып көрмеген жеңістерге қолжетті, көпшілік қолды тұтыну заттарының өндірісі ұлғайды.

Міндеттемеде қала бойынша товар айналымының жылдық жоспарын 20 декабрьде орындау және 1953 жылдың 1 январына дейін тұтынушыларға 4.100 мың сомның товарларын сату атап көрсетілген болатын.

Сауда, көпшілік тамақтандыру орындарының қызметкерлері осындай міндеттемелерді қабылдай отырып, Қостанай қаласының сауда қызметкерлерін социалистік жарысқа шақырды. Сондықтан да сауда орындарының және олардағы партия ұйымдарының алдында жұмыстағы барлық көрсеткіштерді жақсартып отырып, мәдениетті совет саудасын бүгінгі күннің талаптарына сай кеңінен өрістету міндеті тұр. Атап айта кетуіміз қажет, бірқатар сауда орындары өздерінің жұмыстарының үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында осы міндеттер дәрежесінде жүргізіле білді. Мәселен, ресторандар мен асханалар тресінің коллективі бірінші тоқсанның көпшілік тамақтандыру жөніндегі жоспарын 114 процент орындады. Ал, жекелеген асханалардың, оның ішінде № 1 және № 4 асханалардың (директорлары Бегоненко және Түлкібаева жолдастар) тоқсандық жоспарларды орындауы 112 проценттен орындап шықты. Сол сыяқты, товар айналымының алғашқы үш айына арналған жоспарын орындауда, тұтынушыларды мейлінше мәдениетті қамту жөніндегі абройлы міндеттемелерін қалтқысыз жүзеге асыруда ет комбинаты, май өндірісі, темір жол рестораны, аптека басқармасы сауда орындарының бірқатар елеу

лі табыстарға жеткенін атап айта кетуіміз қажет. Бірінші тоқсанда қаланың сауда орындары еңбекшілерге жоспарда қарастырылғаннан 1 миллион 200 мың сомның көпшілік қолды товарларын артық сатты.

Азық - түлік товарларының бөлшек сауда бағаларының жаңадан бесінші рет арзандатылуы советтік сомның сатып алу қаблетін арттыра түсуімен қатар, сауда орындарының жұмысын едәуір дәрежеде жандандыруға орасан зор мүмкіндіктер туғызды. Апрель айының алғашқы 15 күні ішінде, әсіресе, азық - түлік дүкендері мен көпшілік тамақтандыру орындарының бірқатары айлық жоспарларды мінсіз орындап шығуға жетті.

Алайда сауда орындарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер әлі де болса жойылмай келеді. Тіпті быйылғы жылдың өзінде өткен үш айды жеке алғанда және тұтас алғанда тоқсандық жоспарды орындай алмаған сауда орындары да кездеседі. Қалалық сауда бөлімше-нің директоры Сақара, партия ұйымының секретары Иващенко жолдастар) товар айналымының тоқсандық жоспары 97,6 процент қана орындалып, еңбекшілерге бірепыра товарды жоспардан кем сатты. Сол сыяқты, «Динамо», облыстық кәсіпшілік одағы, жеңілөнеркәсіп мастерскойы, нан комбинаты сыяқты сауда орындары да товар айналымы жөніндегі тапсырмаларды орындай алмады. Аталған кәсіпорындарының өз жұмыстарында мұндай олқылықтарға жол беруінің негізгі себебі, ең алдымен, олардың басшылары және партия, кәсіподақ ұйымдары товар айналымының барысы-

на бірден - бір қатты бақылау жасамады, облыстан тысқары жерлерден өнеркәсіп және азық - түлік товарларының уақытылы әкелініп отырылуын тыңғылықты ұйымдастырмады. Сонымен қатар, көптеген сауда орындарында партия ұйымдарының социалистік жарысқа және сауда мәдениетін арттыру ісіне пұын мәнінде басшылық жасамағанын атап айтқан жөн болады.

Сауда орындарының жұмысында осы күнге дейін бұдан басқа төзгісіз жағдайлардың да кездесетінін мойындау керек. Бірқатар қоймалар мен базалардан товарлардың дұрыс бөлініп берілмейтіндігі фактілері кездеспей жүрген жоқ. Осының салдарынан көптеген бағалы товарлар уақытылы сатылмайды. Ал, керекті маусымында таратылмаған товар кейіннен қоймалар мен базаларды мемлекет қаржысын текке ұстап, товар айналымына нұқсан келтіреді.

Еңбекшілердің мәдениет және әл-ауқат дәрежесінің еліміздің өркендеуі қарқынына сай үздіксіз арта түсуі сауда орындарының алдына нақтылы, қатты талаптар қойды. Яғни, бұл — көпшілік қолды товарлардың молшылығын жасау, олардың тұтынушыларға толық сапалы күйінде жеткізілуін, сайып келгенде, сауда жұмысының социализм системасына тән қасиетпен кеңінен өрістетілуін қамтамасыз ету қажет деген сөз. Олай болса, сауда орындарының басшылары, олардағы партия және кәсіподақ ұйымдары өздерінің барлық жұмыстарын осы міндеттерге бағындыра жүргізетін болулары керек.

**В. АРТЕМЬЕВ,**

ҚК(Б)П қалалық комитетінің секретары.

### ХАЛЫҚ

**ПХЕНЬЯН, 18** а. Халық - Демократия Халық армиясының 18 апрельде былай Корей Халық армиялық еріктілерінің ринғы шеңберде багізді және артиллері болып тұрды.

Әскерлеріміздің з

Ауылшаруа өткізер алдында жітімге ұшырап сатып алуына хауіпсіздендіру Мемлекеттік шығының хауіпсе соқ ақыйға кез төлейді. Мемлекет тәрға: өрт, жар жардан кулау, улы шөп және шығынын төлей. Малдарды діру агенті арқ ауру еместігі ж керек. Бұл аны Петропавл үшін қалалық С хауіпсіздендіру шығарарда табы арқылы хауіпсіз Мемлекеттік х